

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 желтоқсандағы № 1181 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 426 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 910 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.05 № 910 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салуға конкурстар өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 желтоқсандағы № 1181 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 46, 496-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салуға конкурстар өткізу е р е ж е с і н д е :

10-тармақтың сегізінші бөлігі «көшірмелерін» деген сөзден кейін «не қосалқы мердігерлердің лицензияларын беру туралы кепілхатты (бұдан әрі - кепілхат)» деген сөздермен толықтырылсын;

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырсын:

«Кепілхат ұсынған жағдайда объектіні салуға (қайта жаңартуға) арналған рұқсат қосалқы мердігерлер лицензияларының көшірмелерін ұсынғаннан кейін б е р і л е д і . » ;

22-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырсын:

«Егер кепілхат ұсынған конкурс жеңімпазы жалға беру шарты жасалған күннен бастап 3 айдың ішінде қосалқы мердігер лицензиясының көшірмесін бермесе, конкурстық комиссия жеңімпазды қалған конкурсқа қатысушылардың ішінен анықтайды не бұл лот келесі конкурсқа шығарылады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>

